

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрақты экономикалық өсімді және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін дағдарысқа қарсы ден қою шаралары» тақырыбында 2013 жылғы 4 наурызда өткен Үкімет сағатының нәтижелері бойынша

ҰСЫНЫСТАР

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Е.А. Досаевтың баяндамасын тыңдай келіп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- елдегі экономикалық жағдайдың нашарлап кетуіне жол бермеу мақсатында даму барысындағы келеңсіз факторларды дер кезінде анықтап, дағдарысқа қарсы ден қою шараларын қабылдау үшін әлемдік экономиканың және ел экономикасының дамуына тұрақты мониторинг жүргізуді жүзеге асырсын;

- тұрақты макроэкономикалық жағдайды және экономика өсімінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша дағдарысқа қарсы жоспарды іске асыру кезінде салааралық үйлестіруді күшейтсін;

- дағдарысқа қарсы ден қоюдың Жол картасын әзірлеу кезінде бөлінетін қаржы ресурстарының негізділігіне және атаулылығына, сондай-ақ қолдану үшін жоспарланып отырған шаралардың тиімділігіне жан-жақты талдау жасап, бағалау жүргізісін;

- бюджеттік жоспарлау сапасын және бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттырсын. Нақты нәтижелермен ұштасқан шынайы қажеттілік бюджетті қалыптастыру үшін негіз болуға тиіс;

- мемлекет қаржысын басқару кезінде кешенді, жүйелі тәсілді, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін болсын.